**Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Ақпан айы, IV-апта (22.02-26.02.2021ж. )**

**Өтпелі тақырып:"Табиғат әлемі."**
**Апталық тақырып:"Құстар біздің досымыз. "**
**Мақсаты:** Балаларға табиғатта болатын өзгерістер туралы түсінігін молайту. Айналадағы құстар, жануарлар, өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру. Табиғатты аялай білуге, қамқор болуға тәрбиелеу.
**Міндеті:** тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 22.02.2021ж. | Сейсенбі 23.02.2021ж. | Сәрсенбі 24.02.2021ж. | Бейсенбі 25.02.2021ж. | Жұма 26.02.2021ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу** | 8.00-8.40 | Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, t өлшеу, тазалығын тексеру. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | | **Саусақ жаттығуы:** Сабындадық құлақты,атқан шақта жаңа таң. Міне,қандай қолымыз,міне қандай алақан. Соқтық міне алақан,аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді | **Дидактикалық ойын:**"Сиқырлы дорба"<br><br>**Мақсаты**:ұсақ қол моторикасын дамыту. | **Санамақты үйрету**: **Мақсаты:**Тілдерін жетілдіру,санамақты жаттау,есте сақтау қабілетін жетілдіру | **Дидактикалық ойын**:"Бұл қандай түс?" **Мақсаты**:Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету. | **Дидактикалық ойын: "**Бұл қай кезде болады?" **Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Ертеңгілік жаттығу кешені** «Жалаушамен» | | | | |
| **Таңғы ас** | | Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету.<br>Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | 8.40-9.15 | **Дидактикалық ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту | **Дидактикалық ойын: "Бұл не?" Мақсаты:** Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету**.** Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру. | **Дидактикалық ойын:"**Желаяқтар мен жәйбасарлар" Мақсаты:Балаларға әр түрлі жануарлар таратылып,оларды дұрыс ажырата білуге үйрету,шапшаңдыққа баулу. | **Қимылдық ойын:** «Доппен ойнау» **Мақсаты:** «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту. | **Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты**:Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауға үйрету,сөздік қорларын молайту |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері** | 9.15-10.20 | **1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Құстар толы аулада» Мақсаты:** Балаларға үй құстар жөнінде түсініктерін молайта отырып, олардың немен қоректенетінін, дауыстарын қалай шығаратыны, дене мүшелерін атату. Үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін сездіру (тауық, әтеш, балапан) **2."Таным". Математика негіздері Тақырыбы. «Құстарға қамқор болайық» Мақсаты:** Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, екі затты ені бойынша салыстыру, нәтижелерін кең, жіңішке, ені бірдей сөздерін қолданып белгілеуді үйрету | **2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар әлемі» Мақсаты:** Құстар туралы мағлұмат беру. Бір кіпіштен екінші кірпішке тепе-теңдікті сақтап, аттауға үйрету. Қимыл координациясын дамыту. Кедергілер арқылы секіріп өту, қол мен аяқты үйлестіруін бекіту, ептілікті дамыту. **3."Шығармашылық" Музыка Тақырыбы: «Құстар әні»** (К. Қуатбаев) **Мақсаты:** Балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінік беріп, оларға қамқор болуға тәрбиелеу. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімдерін ояту. | **1. "Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Ұядағы құстар» Мақсаты:** Құстарға ұя жасау керектігі жөнінде әңгімелеу. Шектеулі алаңда тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту.Допты қақпаға домалатуда екпінмен итеруге жаттығу **2."Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі әтеш» ертегі Мақсаты:** Балаларды үй құстары жөнінде білімдерін кеңейту. Үй құстарына қамқорлықтарын сезіндіру. Ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнын айтқызуға үйрету. **2."Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Торғай» Мақсаты:** Құстар туралы жалпы мәлімет беру, әр бөлігін | **2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Торғайлар» Мақсаты:** Кедергілер арқылы секіріп өту, қол мен аяқты үйлестіруін бекіту, ептілікті дамыту. Допты қақпаға домалатуда екпінмен итеруге жаттығу. **1. "Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар алаңына бару» Мақсаты:** Балалардың қораз, тауық, балапан сияқты үй құстары туралы білімдерін кеңейте отырып, олардың тіршілігі туралы түсініп, айтып беруге үйрету. Олардың көбеюі, тіршілік етуі, табиғатқа әкелетін пайдасы туралы айта отырып, қамқорлықпен қарау. **Әдіс-тәсіл:** | **2."Шығармашылық Мүсіндеу Т/бы:** "Құстың ұясы" **М/ты:** домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жаншу арқылы жалпайту тәсілін пайдалана отырып, ішіне басып енгізу арқылы құстың ұясын мүсіндеуді үйрету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **2."Әлеумет" Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Құстар-табиғат көркі» Мақсаты:** Балаларға құстар туралы, құстардың қыста өмір сүрулері немен қоректенетінін, немен ерекшеленетіні туралы түсіндіру (немен қоректенеді, неге бірі қалып, екіншісі жылы жаққа |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Әдіс-тәсіл:**<br>1**.**Амандасу<br>2.Көрнекілік арқылы үй құстарымен таныстыру.<br>3."Қаз" туралы өлеңді оқу.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Д/ойын:"Ұшады-ұшпайды.<br>6.Сұрақ-жауап.<br>**2.Әдіс-тәсіл**<br>1.Кіріспе әңгіме.Құстардың түрлерімен таныстыру.<br>2.Тоқылдаққа бару үшін 2түрлі жолды салыстыру: ұзын жол ж/е қысқа жол,кең жол ж/е тар жол.<br>3.Қоянды кезіктіріп,оның шартын орындау.Д/ойын:"Қайсысы қандай?"<br>4.Тоқылдаққа жетіп,оған жем беру.<br>5.Сергіту сәті.<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау. | . | (денесін, қанаттарын, басын, көзін) даралап, дұрыс салғанын қадағалай отырып, құстың суретін салуды үйрету. Құстарды аялай білуге тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсіл**:<br>1.Жұмбақ шешу.Бұрап қойған сағаттай.Айқайлайды таң атпай.(әтеш)<br>2."Екі әтеш" ертегісін түсіндіріп,оқып беру.<br>3.Д/ойын:"Үй құстарын табу."<br>4. "Торғай" суретін салу.<br>5.Сергіту сәті.<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау. | 1.Амандасу.<br>2.Д/ойын:"Құрастыры п тап".Тауықтың суреті шығады.<br>3.Үй құстарымен таныстыру.<br>4.Д/ойын:"Балапанын табу."<br>5.Сергіту сәті.<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау. | ұшып кетеді, маусымдық құстар қашан ұшып келеді). Құстардың аттарын қайталату. Тірі және өлі табиғаттың өзара байланыстылығын көрсете отырып, құстарға ұқыптылықпен қарап, қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсіл**:<br>1Амандасу.<br>2.Кіріспе әңгіме.Жыл мезгілдері туралы түсінік беру.<br>3.Жұмбақты шешу: «Тал басында тамаша үй»**.** (ұя)<br>4.Көрнекілік арқылы құстардың түрлерімен,тіршілігімен таныстыру.<br>5.Д/ойын:"Дала құстарын тап"<br>6.Мүсіндеу "Құстың ұясы"<br>7.Сергіту сәті.<br>8.Сұрақ-жауап,мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | 10.20-10.40 | Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | 10.40-12.00 | **1.Құстарды бақылау.**<br>Мақсаты:Қыстап қалатын құстардың тіршілігін бақылау | **1.Бұлттарды бақылау.**<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылыстарына мән беріп бақылау | **1.Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:**бұлттардың арасынан күннің көзі сиреп қалғанын бақылау. | **1. Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту | **1.Аула жинаушы апайдың еңбегін бақылау.**<br>**Мақсаты:** үлкеннің еңбегін бағалауға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **2.Еңбек:**Құстарға жем беру.<br>**3.Қимылды ойын:** "Ұшты-ұшты"<br>**4.Жеке жұмыс:**Айназдан жыл мезгілінің ерекшелігін сұрау..<br>**5.Еркін ойындар** | 2.**Еңбек**:Ойын алаңын реттеу.<br>3.**Қимылдыойын**:" Мысық пен тышқан<br>**4.Жеке жұмыс**:<br>Айбибіге сөйлем сөздерін айтқызу.<br>5.**Еркін ойындар** | 2.**Еңбек:**Ойын алаңын тазалау.<br>**3.Қимылдыойын:** "Қоян мен аю"<br>**4.Жеке жұмыс:** Аяна мен Мадинадан пішіндерді сұрау<br>**5.Еркін ойындар.** | **2.Еңбек:** Құстарға жем беру.<br>**3.Қимылды ойын:** "Жалаушаға жет"<br>**4.Жеке жұмыс:** Ақылбекке түстерді айтқызып үйрету<br>**5.Еркін ойындар.** | тәрбиелеу.<br>**2.Еңбек**:Ауланы реттеу.<br>**3.Қимылды ойын**:"Аю апанында ".<br>4.**Жеке жұмыс:** Дарынға балалармен бірге ойнауға дағдыландыру<br>**5.Еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу** | 12.00-12.20 | Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | 12.20-13.00 | Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | | Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату | Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу. | Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу. | "Қоян,түлкі,әтеш"ер тегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу. | "Қарлығаш пен дәуіт" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары** | 15.10-15.40 | Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұ стап түсіру. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар** | 16.10-16.30 | **Вариативтік компонент:"Сиқырлы әлем!" Тақырыбы:"Мульт фильм кейіпкерлері"** | **Көлеңке театры арқылы**"Қоян,түлкі,әтеш"атты ертегіні сомдау. Мақсаты:театр түрлерімен таныстырып,қызығ | **"Ай дидарлы анашым"** атты әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету,есте сақтау қабілетін | **Мозайка құрастыру**. **Мақсаты**:Ұсақ қол моторикасын дамыту,жасаған жұмысын аяғына дейін бітіруге дағдыландыру. | **Дидактикалық ойын:**"Көп және біреу."<br>**Мақсаты**:көп және біреу қатынастарын білуге,заттардың тең,тең емес |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты**:Үрлеу әдісі арқылы сулы бояулардан мультфильм кейіпкерлерін бейнелеуді үйрету. Қимылдардың айқын болуын, ырғақты сезіну қабілетін, түстерді үйлестіре алу машығын дамыту. Көркем талғамға тәрбиелеу.<br><br>Айбибіге қарындашты дұрыс ұстауға бейімдеу. | ушылықтарын ояту.<br><br>Аяна мен Мадинаға ертегі кейіпкерлерін айтқызып,сұрау. | арттыру.<br><br>Бекжан мен Аминатқа заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету | Нұрасылға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету | топтарын салыстыруға үйрету<br><br>Айназдан пішіндерді ажыратып,айтқызу. |
| **Серуенге дайындық** | 16.30-16.50 | Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу. | | | | |
| **Серуен** | 16.50-17.50 | **Ауа-райының өзгергенін бақылау**<br>**Қимылды ойын:** "Жалаушаға жет"<br>**Мақсаты:**Балаларды ұйымшылдыққа**,** шапшаңдыққа үйрету.<br>**Еркін ойындар** | **Күннің батып жатқанын бақылау**<br>**Қимылды ойын:** "Ақсерек,көк серек"<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар** | **Құстарды бақылау**<br>**Қимылды ойын:** "Қай жерден дыбыс шығады"<br>**Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету.<br>**Еркін ойындар.** | **Ағаштарды бақылау.**<br>**Қимылды ойын:** "Мысық пен тышқан"<br>**Мақсаты**:Балаларды ұыймшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру.<br>**Еркін ойындар.** | **Кешкі ауа-райын бақылау.**<br>**Қимылды ойын:** "Ұшақ"<br>**Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету<br>**Еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу** | 17.50-18.00 | Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау. | | | | |
| **Балалардың үйге** | 18.00-18.30 | Ата-аналарға | Ата-аналарға | Ата-аналарға | Ата-аналарға | Балалардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **қайтуы.** | | балаларының төлем ақысын төлеуін ескерту. | бетперде тағуларын ескерту. | балаларының тәртібі туралы әңгімелесу. | балаларды жылы киіндіруін ескертіп айту. | тазалығы туралы әңгімелесу. |